

Ленин жолы

ҚК(б)П Солтүстік Қазақстан облыстық комитетінің, еңбекшілер депутаттарының облыстық Советінің және ҚК(б)П Петропавл қалалық комитетінің газеті

№ 53 (7013)

Сенбі 17 Март 1945 жыл

Шығуына 27-жыл
Жеке саны 20-тұйын

Ардақты борыш

Гүлденген Советтік Қазақстанның 25 жылдығы атындағы социалистік жарыс республикамыздың халық шаруашылығының барлық саласында өріс алып, күннен-күнге кең құлаш жаюда.

Жақын арада газетімізде Алматы облысындағы Еңбекші қазақ ауданы интеллигенциясының Қазақстанның барлық интеллигенциясына арнап жазған үндеуі жарияланды. Еңбекші қазақ ауданының интеллигенциясы мәдениет майданы қызметкерлерінің мереке алдындағы социалистік жарысын бастап, өздеріне нақтылы міндеттемелер алумен қатар, ғылым, техника, мәдениет, көркем өнер істерінде мерекеге татымды ғартулар әзірлеуге шақырды. Олар өздерінің үндеуінде:

«Біз, Алматы облысы, Еңбекші қазақ ауданының оқытушылары мен интеллигенциясы өзміздің отаншылдық борышымызды және коммунистік қоғамды құратын жас ұрпақтарды тәрбиелеу жөнінде партия мен үкімет біздерге жүктеп-отырған жұмыстың жауаптылығын терең ұғына отырып, осымен қатар, майданға көмегімізді күшейте түсу мақсатымен республиканың оқытушылары мен барлық интеллигенциясының Қазақстан интеллигенциясының арасында ғылым, техника және мәдениеттің барлық салаларында ең жоғары табыстарға жету үшін кең түрде социалистік жарыс бастауға, сөйтіп Қазақстанның 25 жылдық даңқты мерекесін ғылым, техника және мәдени күштерін бұрынғыдан да кең өркендетіп қарсы алуға шақырамыз».

Бұл үндеуге бүкіл Қазақстанның, оның ішінде облысымыздың барлық интеллигенциясы жаппай үн қосып, өз тарапынан, дақты міндеттемелер алумен қатар, бұл міндеттемелерді қалай орындаудың жолын көрсетіп, шешуші шаралар белгілеп отыр. Бірден басталған игілікті істің жаппай дамуы, көпшілік игілігіне айналуы, оның әсерлі болуы, алған міндеттемелердің берген сәттің іс жүзінде аброймен орындалуы социалистік жарыстың қашан да болсын үлгілі ұйымдастырылуына, оған қалың бұқараның түгел қатысуына тікелей байланысты. Міне осы тұрғыдан қарағанда, облысымыздың оқытушылары мен интеллигенциясының қазіргі кезеңде алда тұрған аса маңызды міндеті—Еңбекші қазақ ауданы интеллигенциясының үндеуін барлық жерде тыңғылықты түрде талқылап, бұған ғылым, техника және мәдениет майданы барлық қызметкерлерінің белсене қатысуын қамтамасыз ету, мұнымен қабат, нақтылы міндеттемелер алып, оларды іс жүзінде орындау үшін дереу іске кірісу болып табылады.

Облысымыздың саяси-ағарту және мәдениет мекемелерінің жұмысында бірсыпыра жетістіктермен қатар, елеулі кемшіліктер де бар екендігін айта кету керек. Шынында саяси-ағарту және мәдениет мекемелерінің жұмысы соңғы жылдарда ойдағыдай болмады. Бұлардың көпшілігі еңбекшілер бұқарасы арасында саяси-ағарту, мәдени-көпшілік жұмысын жүргізудің орталығы бола алмай келеді. Мереке алдындағы социалистік жарыста көрнекті табыстарға жету үшін жұмысымыздағы бұл сияқты елеулі кемшіліктерді дереу жоюымыз керек.

Облыс интеллигенциясының айбынды міндеті—халық шаруашылығының барлық саласында жұмысқа белсене қатыса отырып, еңбекшілер арасында сауатсыздық пен шала сауаттылықты мереке күніне дейін толық жою, бұл үшін сауат ашу мектептерінің тыңғылықты ұйымдастыру, еңбекшілер арасында жаратылыс тану, ғылым психологиясының өрісету, сөйтіп, мәдениетсіздікке, نادандыққа, жоқ нәрсеге сенушілікке қарсы батыл күрес жүргізу, мектептердің жұмысын жақсарту, мектеп жасындағы балаларды оқуға түгел тарту, жас жеткіншектерге саналы білім, саналы тәрбие беру ісін жақсарту, саяси-ағарту, оқу орындарының және көркем өнер үйірмелерінің жұмысын жоғары сатыға көтеру болып саналады.

Қазақ ССР-нің 25 мүшелі алдындағы социалистік жарыс туын жоғары ұстап, ғылым, техника және мәдениет істерінде даңқты мерекеге лайықты тартулар әзірлеу, облысымыздың ауыл шаруашылығы мен өнеркәсібінің анағұрлым өркендеп, күрделі табыстарға жетуі үшін жаппай атсалысу—облыс интеллигенциясының ардақты борышы.

Совет Хабаршы бюросынан

15 МАРТТАҒЫ ҰРЫСТАР МӘЛІМЕТІ

15 мартта 3-БЕЛОРУС майданының әскерлері КЕНИГСБЕРГТІҢ оңтүстік-батыс жағында шабуыл жасай отырып, ФРИШ ГАФ қолтығының жағалауына жетті, сөйтіп БАНГИТТ, ДЮМПЕЛЬКРУГ, ПИННАУ, АЛБЕНЕН, АЙНЗАМ қыстақтарын алды. КЕНИГСБЕРГТІҢ оңтүстік-батыс жағында 8 километр жердегі ХАЙДЕ ВАЛЬД-БУРГ қыстағы әлденеше рет қолдан-қолға көшті, сөйтіп бұл қыстақты әскерлеріміз қайтадан алды. Сонымен, әскерлеріміз ФРИШ ГАФ қолтығының жағалауына шығып, немістердің Шығыс Пруссиядағы әскер тобын екіге бөліп тастады. Мұнымен қатар, майдан әскерлері КОББЕЛЬБУДЕ, ЗОЛЛЭКЕН, ПЕРВИЛЬТЕН, БАРГИТТЕН, КЕНМЕРСХОФЕН, АЛЬБАНОРТ, ГРЮНВЕР, АЛЬБЕНЕК, БЛАДИАУ, ГРОСС РЕДЕРСДОРФ, ШЕНРАДЕ, МАРИНХЕЭ, ХРАМСДОРФ, КАЛЬВАЛЬДЕ, АЙЗЕН-БЕРГ, ФРИДРИХФУЕ, ФРАЙДХЕВХЕН, ФОГЕЛЬЗАНГ қыстақтары мен КОБ-БЕЛЬБУДЕ темір жол станциясын алды. 14 марттағы ұрыстарда бұл ауданда немістердің 1000нан аса солдаты мен офицері қолға түсірілді.

КОЛЬБЕРГТЕ қаланың шығыс жақ бөлегінде қоршауға алынған дұшпанның гарнизоны жою жөнінде ұрыстар жүргізілді.

Венгрияда, БАЛАТОН көлінің солтүстік-шығыс және шығыс жағында әскерлеріміз дұшпанның жау әскерлері мен танктерінің атакаларын тойтарды. 14 марттағы ұрыстарда бұл ауданда артиллериямыздың оғымен немістердің 50 танкі және өздігінен жүретін зеңбірегі жойылды, қыйратылды.

Майданның басқа учаскелерінде жергілікті маңызы бар ұрыстар болды және бар лау жүргізілді.

14 мартта барлық майдандарда немістердің 90 танкі мен өздігінен жүретін зеңбірегі қыйратылды, жойылды. Әуе ұрыстарында және зенит зеңбіректерімен дұшпанның 18 самолеті атып түсірілді.

АВИАЦИЯМЫЗДЫҢ ВЕНГРИЯДАҒЫ ВЕСПРЕМ ТЕМІР ЖОЛ ТОРАБЫ МЕН АЭРОДРОМЫНА СОҚҚЫ БЕРУІ

15 мартқа қараған түнде ауыр бомбашыларымыз Венгриядағы Веспрем темір жол торабы мен аэродромына соққы берді. Бом

балау нәтижесінде темір жол торабы мен аэродромда өрттер шығып, взрывтар болды. * * * Шығыс, Пруссияда, Кенигсбергтің оңтүстік-батыс жағында әскерлеріміз шабуыл жасауда болды. Немістердің қорғаныш тіректі бекінісі—Фриш Гаф қолтығының жағалауындағы Хайде Вальдбург ауданында табан тірескен ұрыстар болды. Дұшпан Кенигсбергтегі гарнизоны мен Кенигсбергтің оңтүстік-батыс жағында қиымал жасашы әскер тобы арасындағы байланысты қалпына келтіруге тырысып, әлденеше рет қатты қарсы атака жасады. Хайде Вальдбург қыстағы бірнеше рет қолдан-қолға көшті. Бүгін әскерлеріміз жауға қауырт соққы беріп, дұшпанның қарсылығын жеңді, сөйтіп кең алқапта Фриш Гаф қолтығына жетті. Қолтыққа қарай тықсылған немістердің жекелеген әскер топтары қару тастап қолға берілді. Екінші бір учаскеде совет бөлімдері октын-октын қолма-қол айқасқа айналған табан тірескен ұрыстар нәтижесінде бірнеше елді жерлерді алды. Бір күнгі ұрыстарда дұшпанның 1500 ден аса солдаты мен офицері жойылды. Немістердің 29 танкі мен өздігінен жүретін зеңбірегі қыйратылды, өртелді. Дұшпанның 108 дала зеңбірегі, 60 минометі мен 280 пулеметі жойылды. Жауынгерлеріміз немістерден көптеген қару-жарақ және соғыс мүлкі қолға түсірді. * * *

Кольбергте әскерлеріміз қаланың шығыс жақ бөлегінде қоршауда қалған неміс гарнизоны жою жөнінде ұрыстар жүргізді. Дұшпан бірнеше кеме тұрған гаваньның іргелерін өз қолдарында ұстап тұру үшін тырысып, қарсы атака жасауда. Совет артиллерияшылары гаваньның шығып кетуіне тырысқан немістердің транспортын суға батырды. Мұның үстіне, өртегіш снарядтардың дәл тиімен жаудың 4 баржасы өртеліп, суға батырылды. Қарсылық көрсету тораптарына айналдырылған үйлерге бөлімдеріміз тік шабуыл жасай отырып, гитлершілдерден кварталдардың бірінен-соң бірін тазартуда. Дұшпан орасан көп шығынға ұшырауда. Қауырт шабуыл жасау нәтижесінде темір жол депосы алынды. Жаудан 10 паровоз және түрлі жүк тиеген 400 вагон қолға түсірілді. Жау әскерлеріміз дұшпанға қарсы оқ атып, немістердің 2 гидросамолетін атып түсірді. 600ден аса неміс қолға түсірілді. * * *

Венгрияда, Балатон көлінің солтүстік-шығыс және шығыс жағында әскерлеріміз жаудың атакаларын тойтарды. Бір учаскеде немістер жүздеген танктері мен моторландырылған жау әскерлерін ұрысқа шығарды. Бірнеше сағатқа созылған ұрыстан кейін дұшпан шыққан шептеріне қарай кері қуылып тасталды. Басқа учаскелерде гитлершілдер артиллериямыздың нәсерлеріне оқ жаудыруына кез болып, шептеріміздің алдыңғы шепіне жете алмастан, кері шегінді. Аға лейтенант Краснослободцевтің атып

Отанымызды шет ел басқыншыларының шабуылынан қорғау үшін ұлы Ленин ұйымдастырған және большевиктік партия тәрбиелеп өсірген Қызыл Армия өзінің өркендеуінің даңқты жолын өтті. Ол өзінің тарихи міндетін аброймен ақтап, совет халқының сүйікті бел баласы деген орынды атаққа ие болды.

И. СТАЛИН.

Өнеркәсіп орындарында Жарыс туын жоғары ұстауда

II. заводының коллективі республикамыздың 25 жылдығы алдындағы социалистік жарысқа жаппай ұштасып, жеңіс қорына елеулі үлес қосуда. Завод коллективі Агарковтың жұмыс әдісін өндірісте кеңінен қолдануда. Соның нәтижесінде завод жарты айлық жоспарды мерзімінен бұрын орындады.

Шальных жолдас бастық болып істейтін цехтың жұмысшылары жарты айлық жоспарды жаппай 115-135 процентке дейін орындады. Шығыс жолдас бастық болып істейтін цехтың коллективі Агарковтың озат тәжірибесін қолданғаннан кейін, 2 шеберді, 6 токарь мен 3 жұмысшыны басқа жұмысқа ауыстырды. Цех бұл табысқа жұмысшылардың аянбай еңбек етулері арқасында жетті. Цехта озаттардың қатары көптеп саналады.

Заводтың партия ұйымы жұмысшылар арасында социалистік жарысты кеңінен өрістетуге жөнінде едәуір жұмыстар істеді. Цехтар мен жұмыс учаскелерінде алдыңғы қатарлы стахановшылардың жұмыс тәжірибелерін бүкіл коллективтің игілігіне айналдыру жөнінде ай сайын өндірістік мәслихаттар өткізіледі.

Е. МАЛАЕВ.

ҚЫЗЫЛТУЛЫ КОЛЛЕКТИВ

Қазақстанның 10 жылдығы атындағы қолөнершілер артелінің мүшелері республикамыздың 25 жылдығы алдындағы социалистік жарысты кеңінен өрістетіп, айлық өндіріс жоспарын марттың 25-не дейін толық орындауға міндеттенді. Коллектив бұл міндеттемелерін мүлтіксіз орындау үшін барлық мүмкіншілікті пайдаланып, жарты айлық жұмыс жоспарын толық орындады, сөйтіп артель облыстық қолөнершілер одағының ауыспалы Қызыл туын 4 айдан бері өз қолдарында берік ұстап келеді.

Мәдени заттар өндіретін цехтың жұмысшылары социалистік жарыста бірінші орынға ие болды. Ыдыс-аяқ жасайтын цехтың коллективі алматылықтардың үндеуіне жауап ретінде стахановтық вахтаға тұрып, жұмыс тапсырмасын үнемі 110—130 процентке дейін орындауға жетісті. Пима басу цехының жұмысшылары март айының 15 күндік тапсырмасын едәуір артығымен орындады.

Артель коллективі республикамыздың даңқты мерекесіне дейін 10 айлық өндірістік жоспарды толық орындап, жоспардан тыс 50 мың сомның көпшілік қолды бұйымдарын өндіруге бірауыздан міндеттенді.

Е. ИМАНБАЕВ.

ЖАУЫНГЕРЛЕРДІҢ ҮЙ-ШТЕРІНЕ КӨМЕК

Мария Мойсеевна Булаевская жолдас-тың облыстық драма театры жанындағы әйелдер советін басқарғанына екі жылдай уақыт болып қалды. Бұл уақыттың ішінде әйелдер советінің мүшелері жауынгерлердің үй-штеріне көмек көрсетуде көп жұмыстар істеді. Демек оларға 12 тонна көмір, 3 тонна овоң, бірнеше нар пима тағы басқа бұйымдар мен 22 мың

Партия ұйымдарының көктемгі егіске әзірленуде, оны өткізуде саяси-көпшілік жұмысын күшейту міндеттері

М. ӘБДІХАЛЫҚОВ

КК(б)П Орталық Комитетінің пропаганда жөніндегі секретарі.

ССРО Халық Комиссарлары Советі мен КК(б)П Орталық Комитеті Ауыл шаруашылығын өркендетудің 1945 жылғы жоспары жөнінде қаулысында. Қазақстан КК(б)П Орталық Комитетінің XII пленумының қаулысында партия, совет ұйымдарының көктемгі егіске әзірлену және оны өткізу жөніндегі айбынды міндеттері айқын көрсетілді.

Быйылғы көктемгі егіске барлық жағынан бірдей жақсы әзірленіп, оны үлгілі өткізу міндеттерінің соғыстық және саяси-шаруашылық маңызы ерекше зор. Даңқты батыр Қызыл Армиямыздың толық жабдықтау үшін де, отанымыздың күшқуатты арттыра беру үшін де астық керек. Еліміздің мүддесі, халық мүддесі быйыл астықты көп егіп, одап өнімді өткен жылғыдан да көп алуды талап етеді.

Республикамыздың колхоздары мен совхоздарында бұл міндетті орындауға керекті жағдайдың бәрі бар: құнарлы егіс жерлеріміз мол, ауыл шаруашылығының күрделі машиналары жеткілікті, ең шешуші күш—қадрларымыз да бар. Мәселе осы мүмкіншілікті толық пайдалануда, көктемгі егіске барлық жағынан тыңғылықты әзірленіп, оны үлгілі өткізуде болып отыр.

Ауыл шаруашылығының алдында тұрған бұл айбынды міндетті ойдағыдай орындауда партия ұйымдарының көпшілік арасындағы саяси-үгіт жұмыстарын күшейтудің ерекше мәні бар. Қазақстан КК(б)П Орталық Комитетінің XII пленумы партия ұйымдарының алдына ауыл-селодағы үгіт, саяси және көпшілік жұмыстарын батыл жақсарту міндетін қойды. Қазір республикамыздың колхоздары егіске әзірленіп жатыр. Сондықтан да қазір ауыл-селодағы бүкіл саяси-көпшілік жұмысы жұртшылықты тегіс егіске әзірлікке, оны үлгілі өткізуге жұмылдыруға тиіс. Саяси-көпшілік жұмысы осындай айқын мақсатпен, алдағы саяси-шаруашылық міндеттермен ұштастыра жүргізіліп, оны большевикше орындауға қалың бұқараны аттандыруарлық дәрежеде пәрменді болса, сонда ғана ол ойдағыдай нәтиже береді.

Республиканың партия-совет ұйымдары КК(б)П Орталық Комитетінің 1944 жылғы 1 апрельдегі және Қазақстан КК(б)П Орталық Комитетінің X пленумының қаулысын жүзеге асыра отырып, өткен жылы ауыл шаруашылық жұмыстарын едәуір жақсартты: тың және тыңайған жерлерге егін көп егілді, бұрынғы жылға қарағанда мемлекетке астық, мақта, қант қызылшасы және овоң арғық тапсырылды.

Бұған саяси-көпшілік жұмысы көп себеп болды. Еңбекшілер арасындағы, әсіресе ауыл-село еңбекшілері арасындағы саяси-көпшілік, үгіт-пропаганда жұмыстарын күшейту жөнінде республиканың партия ұйымдары өткен жылы бірсыпыра ұйымдастыру шараларын жүзеге асырды. Оның нәтижесінде ауыл-селоларда саяси баяндамалар, лекциялар, әңгімелер өткізу жұмыстары біраз жақсарды.

Еңбекшілер арасында саяси баяндамалар жасау, үгітшілердің жұмысын ұйымдастыру жөнінде облыстардың көпшілігінде әсіресе Қарағанды, Гурьев, Ақмола облыстарында едәуір жұмыс істелді. Бұл облыстардың облыстық, аудандық партия комитеттері саяси баяндамалар ұйымдастыруға күнбе-күн көңіл бөліп, олардың өткізілуін, мазмұн жағын ұдайы бақылап отырды, баяндамашыларға нұсқау беріп, көмектесіп отырды.

Бірақ, республикада жалпы алғанда саяси-көпшілік жұмысының дәрежесі әлі де болса КК(б)П Орталық Комитеті алдымызға қойған талапқа ылайықты дәрежеде емес.

Ауыл-село еңбекшілері арасында партия-саясат жұмысын жүргізудегі басты

сы еңбекшілерді толық қамтырлық көлемде жүргізілмей келеді. Үгітшілер, баяндамашылар, пропагандистер алыстағы колхоздарға, бригадаларға жетпей жүр, күнбе-күнгі саяси хабарларды еңбекшілерге жеткізу ісі ойдағыдай емес.

Әсіресе қазіргі егіске әзірлену, оны өткізу кезеңінде осы кемшіліктерді жою, саяси жұмыспен көпшілікті толық қамту—партия ұйымдарының кезек күттірмейтін шұғыл міндеті. Бұл міндет партия-саясат, пропаганда-үгіт жұмыстарының барлық түрін кеңінен өрістеткенде ғана орындалады. Ең алдымен бұл жұмысты партия орындарының басшы қызметкерлерінің өздері қолға алуы керек.

Осы кезге дейін облыстық, аудандық партия, совет, комсомол ұйымдарының басшы қызметкерлері еңбекшілер арасында саяси баяндамалар жасауға көп жерлерде белсене қатыспай келді. Облыстық, аудандық партия комитеттері жанындағы баяндамашылар топтары көп жерлерде тек қағаз бетінде ғана бар. Бұл топтарға кірген басшы қызметкерлердің көбі еңбекшілер арасында саяси баяндамалар жасамайды. Мәселен, өткен жылы Павлодар облыстық партия комитеті жанындағы баяндамашылар тобында облыстың басшы қызметкерлерінен 44 адам болған. Ал, олардың ішінде саяси баяндамалар жасауға тек 16 адам ғана қатысып келген. Қазақ тілінде баяндамалар жасау, лекция оқу жұмысы нашар болған.

Бұл, әсіресе қазіргі кезде, тезуге болмайтын кемшілік. Саяси-үгіт жұмысына партия, совет, комсомол ұйымдарының басшы қызметкерлерін тегіс қатыстырып, олардан бұл жұмысты күнделікті жүргізуді талап ету керек. Барлық жерде қазір колхозшылардың және, МТС-тар мен совхоз жұмысшыларының жалпы жыйылыстарын өткізу керек. Ол жыйылыстарда ұлы отан соғысының қазіргі кезеңі және ауыл-село еңбекшілерінің көктемгі егіске әзірлену оны өткізу жөніндегі міндеттері туралы баяндамалар өткізуге тиіс. Бұл баяндамаларды басшы қызметкерлер жасау керек. Сөйтіп, олар мен бірге көктемгі егіске жақсы әзірленіп, оны ойдағыдай өткізудің, колхоздың, МТС-тың, совхоздың жұмысын жақсартудың шараларын белгілеуге міндетті.

Ауыл-село еңбекшілері арасындағы саяси-көпшілік жұмысына басшы қызметкерлер мен мұғалімдерді, ауыл шаруашылығының мамандарын—агрономдарды, зоотехниктерді, ғылыми-зерттеу орындарының қызметкерлерін, білімі бар алдыңғы қатарлы колхозшыларды қатыстыру керек.

Ауыл-селодағы сан мыңдаған үгітшілер армиясының қатарын толықтырып, оларды дұрыс пайдалануға, олардың жұмысын күшейтуге қазір партия ұйымдары ерекше көңіл бөлуі керек. Үгітшілердің аудандық, колхозаралық семинарларын өткізіп, олардың кезекті міндеттерін түсіндіру хажет. Колхоздарда,

совхоздарда, МТС-тарда саяси-көпшілік жұмысын ұйымдастырудың әдістерін, көктемгі егісті, өткізудің агротехникалық және ұйымдастыру-шаруашылық шараларын үйрету керек.

Ауыл-село еңбекшілері арасында саяси-көпшілік жұмысын күшейту жөнінде колхоздардың, МТС-тардың, совхоздардың бас тауыш партия, комсомол ұйымдарына үлкен міндет жүктеледі. Облыстық, аудандық партия комитеттері оларды нығайтуға басшылығын, көмегін күшейтуге тиіс. Бас тауыш партия, комсомол ұйымдары көктемгі егіске әзірленуде және оны өткізуде колхозшылардың, жұмысшылардың арасында социалистік жарысты мейлінше кең өрістетуді, әрі бастаушы болуы керек. Партия, комсомол ұйымдары еңбекшілерді социалистік жарысқа толық және қызу ұштастыра отырып, алынған әрбір міндеттеменің орындалуына ұдайы бақылау жүргізуге, жарыстың нәтижелерін жұртшылыққа күнбе-күн жариялап отыруға, алдыңғы қатарлылардың тәжірибелерін көпшіліктің игілігіне айналдыруға міндетті. Бұл жөнінде жергілікті газеттер мен радио кеңінен пайдаланылатын болсын.

Көктемгі егіске әзірлену және оны өткізу жұмыстары кезінде саяси-ағарту мекемелерінің жұмысы күшейтілетін болсын. Оқу үйлері, колхоз клубтары агротехникалық пропаганданың, түрлі мәдени-ағарту жұмыстарының орталығы болуға тиіс. Олар ауыл-село еңбекшілерінің шын мәнісіндегі әрі білім алатын, әрі мәдениетті түрде дем алатын орны болсын. Оқу үйлері, колхоз клубтары арқылы жүргізілетін агротехникалық пропаганда жұмыстарына агрономдар, мал дәрігерлері, тәжірибе станцияларының қызметкерлері, мол өнім алушы алдыңғы қатарлы колхозшылар белсенді түрде қатыстырылуы керек. Олар егіске тұқым әзірлеу, жер өңдеу, жер тыңайту, көлікті, құрал-саймандарды әзірлеу, қар тоқтату әдісі, оның маңызы тағы басқа тақырыптарда әңгімелер өткізетін болсын. Бұлармен бірге дауыстан газет оқу, Совет Хабаршы бюросының мәліметтерін оқу, ауыл шаруашылығы жөніндегі кітапшаларды, ғылыми мақалаларды, тағы басқа әдебиеттерді оқу жұмыстары ұйымдастырылсын.

Кино-картина—көрнекті үгіттің ең күшті және ұғымды құралының бірі. Жаңа кинолар, ауыл-село еңбекшілеріне толық жеткізілмей келеді. Соғыс уақытында шыққан, совет жауынгерлерінің, совет халқының ерлігін көрсетіп, майданға көмек жолында жанқиярлық еңбекке шақыратын жаңа шығарылған көркем фильмдер республикамыздың ең алыс түкпіріндегі колхоздарына дейін түгел жететін етуіміз керек. Бұл үшін аудандық партия комитеттері көпшілі киноустановкаларды толық пайдаланудың нақты шараларын белгілеуге міндетті.

Ауыл-село еңбекшілеріне күнбе-күнгі

саяси хабарларды жеткізу жөнінде радионың маңызы зор. Бірақ, кейбір аудандарда бар радио орындары жұмыс істемейді. Мұның өзі көп жерлерде жергілікті партия, совет ұйымдарының радионың маңызын бағаламағандығынан, жеткілікті көңіл бөлмегендігінен болып отыр. Көктемгі егіске әзірлену, оны өткізу кезінде радио мейлінше толық пайдаланылатын болсын. Жергілікті партия ұйымдары еңбекшілердің ұйымдасып тыңдауын жолға қоюға міндетті. Ал, кейбір маңызды хабарды таратуға телефондар толық пайдаланылатын болсын.

Партияның ең күшті, ең өткір құралы большевиктік баспасөздің көпшілік арасындағы саяси-үгіт жұмысын күшейтуде, оларды егіс науқаны сыяқты соғыстық-шаруашылық міндетті орындауға жұмылдыруда алатын орны ерекше зор. Бұрынғыдай көпшілікке арналған кітапшалар, журналдар қазір жеткіліксіз. Сондықтан газеттерді ауыл-село еңбекшілеріне уақытында жеткізіп отыру—жауапты жұмыс.

Жергілікті партия ұйымдары әсіресе КК(б)П аудандық комитеттерінің үгіт-пропаганда бөлімдері орталық, республикалық, облыстық, аудандық газеттерді әрбір егіс бригадасына, тракторшылар бригадасына дейін жеткізілуіне тікелей жауапты болуы керек. Газеттерді тарату орындарының жұмыстарын бақылап, оларда газеттер жатып қалуына немесе талап-тарапқа түсуіне жол берілмейтін болсын. Көктемгі егіс жұмыстары кезінде колхоздарда, бригадаларда газеттер жеткілікті болмаса, оларды кейбір аудандық ұйымдар есебінен жеткізу жағына көңіл бөлу хажет.

Большевиктік өткір, пәрменді үгітті күшейтпейінше қалың көпшілікті алдағы міндетті орындау күресіне жұмылдыру мүмкін емес. Мұны партия орындары, оның басшы қызметкерлері ұмытпауға міндетті. Партия ұйымдары ауыл-село еңбекшілері арасындағы саяси көпшілік жұмыстарының неғұрлым пәрменді, неғұрлым нәтижелі болуын қамтамасыз етуге тиіс. Сөйтіп, саяси-көпшілік жұмыстарын үздік жақсарту арқылы ауыл-село еңбекшілерін алдағы ең айбынды міндет—көктемгі егіске әзірлену, оны үлгілі өткізу ісіне қызу жұмылдыратын болуы керек.

Ауыл-село еңбекшілері арасындағы саяси-көпшілік, үгіт-пропаганда жұмыстары быйылғы жылғы көктемгі егістің жақсы өткізілуін, егіннен мол өнім алынуын, соның арқасында мемлекеттік астық жоспарын орындауын, колхозшылардың еңбек күнге көп үлес алуын қамтамасыз етерліктей дәрежеде болсын.

Сталин жолдастың Қызыл Армияның XXVIII жылдығына арнаған тарихи бұйрығы жігерлендірген еліміздің еңбекшілері соғыстың аяқталар кезінде Қызыл Армияға көмекке барлық күшін жұмылдыруға бұрынғыдан да берік қайратпен кірісіп отыр. Сталиндік сөзді еңбекшілердің барлығына жеткізіп, олардың жігер қайратын егіске мінсіз әзірленіп, жақсы өткізуге жұмсау керек.

Қазақстан еңбекшілері быйыл өзінің даңқты XXV жылдығын мерекелейді. Осы мереке атындағы социалистік жарысты өрістетіп отырып, егісті жақсы өткізіп, егіннен мол өнім алуға берік негіз қалау—бұл мерекеге ең жақсы, ең көрнекті тарту болмақ.

Қазақстанның партия, совет ұйымдарының алдына ауыл шаруашылығын өркендету, майданға көмекті күшейту жөнінде әрі зор, әрі ардақты міндет қойылып отыр. Көпшілік арасындағы саяси-үгіт жұмысының дәрежесі осы міндеттерге сай болсын.

КОЛХОЗГА КӨМЕН

Петропавлдағы ағаш өңдейтін кооперативтік артельдің коллективі колхоздардың егіске әзірленуіне зор көмек көрсетуде. Олар аз уақытта 55 ат қамытын, 40 көтерме және 38 басқа да жегу әбзелдерін жасап, бұл әбзелдерді 9 колхозға бөліп берді. Артельдің қамыт-сайман жөндеушісі Тулин жолдас Петропавл ауданының Степан Разин атындағы колхозына жөндеушісімен бірге жеткізді.

Қазір артель коллективі осы аудандағы «Социалистическое соревнование», «8 съезд советов» және «Путь Ильича» колхоздарын қамқорлыққа алды. Артель көктемгі егіс басталғанға дейін көптеген жегу әбзелдерін дайындайды. Арбалар мен басқа да құрал-саймандарды жөндеп шығарады.

С. КӘКІМОВА.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ 25 ЖЫЛДЫҒЫ АТЫНДАҒЫ СОЦИАЛИСТІК ЖАРЫС

Колхозды ауылдың барлық күші жеңіс мүддесіне жұмсалсын!

ДӘУЛЕТТІ АУЫЛ

1. БҮЛАҚ БАСЫНДА

Қарлы дала. Арудың бұрымындай мың ұралған орке. Есімнің жиіше ар-тасына жарыса шыққан тоғайды бөктертеп үш салт атты жүріп келеміз. Бетіміз «Бірлік» колхозы. Астымыздағы жарау, жеміз аттар ауыздығымен алысып, соны қарды қайықша есіп келеді. Өзеннің жар қабағын қуалай шыққан сыйдыған кәрі үйеңкілер баяу жылжып, кейін қалып қатыр. Үшеуіміз де желе-жортып, өзеннің түбекше иірілген бір қойнау белесіне пыға келдік.

Қасымыздағы колхоз мал фермасының меңгерушісі Жұма атының басын тежеді де, бір қоймандай тасты нұсқады:

—Манағы әңгіме еткен бұлақ осы.

Үшеуіміз аттан түсе қалдық. Мән-мәлдір, көздің жасындай тап-таза су бір кіші-гірім тастың астынан атқып шығып, төмен қарай құлап жатыр.

—Бұл қысы жазы қатпайды,—деді әлгі жігіт,—ертемі-кеш осы тастан жылап шығып, төменірек анау жазыққа барып қатады да жазғы-тұрым-сол егіндік жерге қарай бет алып ағып кетеді. Осы өңірдегі 400 гектарға таяу егіндікке Ылғал өкөп тұрады. Бұл араның топырағы да өте құнарлы. Егіннің шықпай қалған жыы жоқ. Быйыл да егіннің гектарынан 90 пұт өнім алдық.

2. БОРЫШ ӨТЕЛДІ

—Мемлекетке астық тапсыру жоспарын қалай орындадыңыздар?—деп сұрадыңыздар ғой. Жоспарды орындауымызға екі мүмкіншілік болды: жыл сайын кемінде 200—250 гектар тың жер айырып отырамыз және жерді ұқыпты жыртамыз. Егін орманда астықтың ысырап болмауын қатты қадағалаймыз. Оны мен бірге, естеген жұмысымызға сын көзімен қарайтын болдық. Жетістігімізді үлгі етіп, мүмкіншілігімізді сабақ ете білдік. Соның нәтижесінде мемлекетке берешек 10200 пұт астықты мезгілінен бұрын өтедік. Оның үстіне, Қызыл Армия қорына 600 пұт астық өткіздік.

3. КӨКТЕМГЕ ӘЗІРЛІК

—Көктемгі егісті үлгілі өткізу үшін аған әзірлік жүргізудің өте үлкен маңызы бар. Егіске үлгілі әзірлік—мол өнім алу дағдырын шешеді деген сөз. Біздің колхоз көктемге әзірлікті әдетте күзден бастайды. Колхоздағы соқа-сайман толық жөнделді. Колхоз егіншісі Жантөрин Жылқыбай соқа-саймандарды жөндеуді ерте

қалға алды. Қазір 29 ат, 103 өгіз күтімде тұр. 180 тонна көң, 25 центнер күл, 6 центнер күс қыяы жыйналды. Жоғары сапалы 600 пұт тұқым құйдық. Бұл түгел шығымдылық сапаға жеткізді.

4. МАЛ—БАҚҚАНҒА БІТЕДІ

—«Мал адамның бауыр еті емес пе» деді Жұма. Қазақтың бір-бірімен аман-дасқанда да «Мал, жаның аман ба» деп түліктің ауызға бұрын түсетіні де содан ғой. Байлықтың басы малда, малсыз басқа байлыққа қолыңды жеткізе алмайсың. Мал өсіру үшін еңбек ету керек болады. Оның төлін аман сақтау, құнарлы азық, жылы қыстаумен қамтамасыз ету шарт. Өйткені «мал баққанға бітеді» деп тегін айтылмаған. Біз мал өсіруде ерекше еңбек етеміз. Шабылуга тиісті 23000 центнер пішен артығымен шабылып, дені қыстауларға тасылып ұйылды. Мал мөлшермен азықтандырылады. Мұның өзі пішеннің ысырап болмауына толық жағдай туғызады.

Қазір қыстауларда 5000 центнерпішен қоры бар. Сөйтсе де даладан пішен тасуды тоқтатқан емеспіз. Қазір пішен тасуда 10 пар көлік жүр. Пішен тасушы Қажыбаев, Сасықов, Нұрманов, Уәлиев жолдастар күніне екі оралып, 40 центнер орнына 50—60 центнер пішен тасыйды. Быйыл 10 қорға жөнделді. Төл үйі сыланған әрі жылы. Осы сияқты табыстар нәтижесінде біздің «Бірлік» колхозы өткен 1944 жылы 373 орнына, 390 ірі қара мал, 103 жылқы орнына, 110 жылқы, 800 орнына, 900 қой-ешкі, 130 орнына, 150 күс өсірді.

5. МАЛШЫЛАР МЕН ҚОЙШЫЛАР

Смағұл Бектұрғанов, Әушақмет Дүйсенбин қарттар төрт жылдан бері қой бағып жүр. Содан бері алдарынан бір ылақ шығып болған емес. Олар төрт жыл ішінде қой санын 250ден 900ге жеткізді. Осы жылдың ішінде 350 қойды Қызыл Армия қорына берді.

Игібай Қанафин 11 жыл бойына жылқы бағып келеді. Ол 1935 жылы жылқы бағуға кіріскенде колхозда 15 тай ғана бар еді. Игібай адал еңбек істеп, жылқы басын 110ға жеткізді. Қызыл Армия қорына 15 тұлпар берді. Өткен жылы Игібай 21 биенен 21 құлын алып, аман-сақ тады. Жыл сайын 1617 еңбек күн алды. Игібайдың еңбегіне қосымша ақыға бір жабағы берілді.

Сауыншылар да адал еңбек істеп, 64

сыйырдан 64 бұзау өсірді. Өсерсе төл өсіруде Көшімбаева Айша, майданшының әйелі Бөжімбаева, Шегебаева жолдастар адал еңбек істеді. Олар әрбір 13 сыйырдан 13 бұзау өсірді. Соның нәтижесінде еңбекке қосымша ақы ретінде олар бір-бір бұзау алды. Колхозымызда еңбекке қосымша ақы ретінде 15 малшыға сыйлық берілді.

6. ЖЕРІН СҮЙГЕН ЖІГІТ

Үшеуіміз тағы да ілгері жүріп келеміз. Шіркін Есіл өлкесі қандай, кісіні өзіне тартпай қоя ма? Оның ойлы-қырлы, адырлы-дөңесті жерлері өте көп, қабағын қатты жауып, жарға шөккен қара бұра пішіндес тастар да кездеседі. Тырбылған, аласа біткен кәрі үйеңкілер жат көзге сыйықсыз-ақ. Бірақ, Есімді ұққан, Есіл өлкесінің байлығы мен хасиетін ұққан, оның сырын түсіне білген адамға сол сыйықсыз көрінген үйеңкілердің өзі елге орнаған құттың тұтқасы, Есілге біткен хасиетті тұлғаның көркі сияқты көрінбей ме. Оның жан-жаққа жайылып шыққан көп бұтақтары сүйкімділікпен қолын созған жас балаға ұқсайды емес пе?!

—Мен,—деді Жұма,—осы Есіл бойында тудым. Менің дүниеде бірінші рет көргенім Есімнің мөлдір суы, өмірде ең алғашқы естігенім де осы Есіл суының сылдыры. Менде екі ақ махаббат бар. Мен әуелі елімді, Отанымды сүйдім. Ел үшін еңбек етуді ардақты борышым деп ұқтым. Екінші сүйгенім осы Есіл өлкесі—кір жуып, кіндік кескен туған жерім. Жараланып госпитальда жатқанымда менің көз алдымда жиіше арнасымен сылдыр қағып жатқан. Есіл, оның жағалауын қуалай шыққан осы кәрі үйеңкілер елестеп тұратын. Ел мен Есіл еске түскенде сырқырап ауырған жара да ұмыт болатын. Мен Есіл жарында жалаңаш, баяу толқып ағып жатқан көздің жасындай мән-мәлдір таза суға төніп, енді секіремін деп тұрған сезімде болатыным. Уа, Есіл, сенде туған-баланың қайсысы сені сағынбайды дейсің? Қайсысы сенің мөлдір суына шомылуды арман етпейді дейсің?!

—Аңсап күткен күн алыс емес, таяуда ғой,—деп ол бізге қарады.

—Я, таяуда,—дедік біз.

Есіл малға күт, елге ырыс қой.

Сауан ШӘЙМЕРДЕНОВ,

Ғалым МҰХАМЕДЖАНОВ.

Октябрь ауданы, «Бірлік» колхозы.

Ақмолалықтарға жауап

Мағрипа Жалменова жолдас Образцовый машина-трактор станциясындағы (Ленин ауданы) таңдаулы тракторшылардың бірі болып саналады. Ол өткен жылы «Қара тал» колхозында жұмыс істеп, жылдық тапсырманы 217 процент орындады.

Қазір Жалменова жолдас тракторларды жөндеу жұмысында істеп жүр. Ол «Авангард» МТСның барлық тракторшыларының, комбайншыларының, жұмысшыларының, мамандары мен қызметкерлерінің республикамыздың машина-трактор станцияларының барлық тракторшыларына, жұмысшыларына, мамандары мен қызметкерлеріне жазған үндеуін қызу қолдап, осы үлгі бойынша республикамыздың 25 жылдығы атындағы социалистік жарысқа ұштасты. Содан бері ол тапсырманы үнемі 160 процент орындап келеді.

Ақмолалық тракторшылардың үндеуі Аберкина, Пақынова және Казаченко жолдастар сияқты мотор жөндеушілердің күшіне-күш қосты. Ал трактор жөндеушілердің қажырлы қайратпен жұмыс істеуі Образцовый МТСның барлық тракторларды жөндеп шығаруын қамтамасыз етті.

Т. ЖЕТПІСБАЕВ.

ҮНДЕУ ТАЛҚЫЛАНҒАННАН КЕЙІН

Алматылықтардың үндеуі Аманкелді атындағы ауылшаруашылық артелінің (Преснов ауданы) мүшелері арасында зор өндірістік өрлеу туғызды. Колхоздың темір ұсталары мен ағаш шеберлері колхоздың құрал-саймандарын жөндеуде республикамыздың 25 жылдығы алдындағы социалистік жарысқа ұштасты, жұмысқа жаңа қарқын берді.

Алматылықтардың үндеуін талқылағаннан кейін ағаш шебері Жылғелдин жолдас бір күнде 20 жетек жонын шығарды. Ал Қаршауов жолдас 12 жарманы қалыптады.

Ағаш шеберлерінен темір ұсталары да қалысатын емес. Ұста Қасенов және Жаңбаев жолдастар бір күн ішінде 2 соқаны және 4 тырманы жөндеп шығарды.

Колхоз шеберлерінің алматылықтарға берген алғашқы жауабы осындай.

Қ. ҚАМЗИН.

Е. ЗІКІРИН.

Жарыс туын жоғары ұстаймыз

Біздің колхоздың мүшелері неміс жауыздарды рахымсыз талқандап жатқан қаһарман Қызыл Армияның тарихи жеңістерімен жігерленіп, қысқы ауыл шаруашылық жұмыстарын зор өрлеумен жүргізді. Олар егіннен мол өнім алу негізін қалауда білек сыбана жұмыс істеді. Сөйтіп, 16 соқаны, 4 тұқым сепкішті, 95 тырманы, 70 жарма мен 29 қамытты тағы басқа құрал-саймандарды сапалы жөндеп қойды. Темір ұстасы Ергали Ыбраев жолдас ескі соқалардың қалдықтарынан бір соқа құрастырып шығарды. Қазір ол трактор соқасын жөндеуге кірісіп, бұл жөніндегі тапсырманы үнемі артық орындап жүр.

Өткен жылға қарағанда, быйыл егіс алаңы анағұрлым артқалы отыр. Демек, быйыл 1000 гектар егін салмақпыз. Егіс үшін кілең құнарлы жерлер іріктен алынды. Мұнымен бірге, 400 гектардай даяр жеріміз бар. Егіс алаңына керекті сапалы тұқым жеткілікті. Қар тоқтату,

төгу жоспарлары орындалды. 700 гектар егіс алаңына қар тоқтатылды.

Колхозда 6 звено құрылып, олар нығайтылды. Оның ішінде Рамазанова жолдас басқарған мол өнімшілер звеносының мүшелері егіске әзірлік жұмыстарын ойдағыдай жүргізді. Звеноның Телина, Ыбыраев жолдастар сияқты мүшелері стахановша жұмыс істеп үш жүзшілер қатарына қосылды.

Бізде 2 егін бригадасы бар еді. № 1 бригаданы 60 жастағы қарт колхозшы Жандосов жолдас, № 2 бригаданы отан соғысының мүгедегі Ақин жолдас басқарып жүр. Бұлар өз бригадаларында еңбек тәртібін нығайтып, колхозшылардың жұмысқа ынтамен қатысуын қамтамасыз етті. 2-бригададан 80 өгіз, 24 ат күтімге қойылды. Құнан өгіздерді жегіп, үйрету жұмысы қолға алынды. Бұған таңдаулы колхозшылар бөлінді.

Егіс жұмыстары кезінде колхозшылардың тұрмыс хажетін өтеу және үгіт-көп-

қоймақпыз. Сондықтан да қазірдің өзінде 4 дала қосы жөнделіп, жабықталды. Көпшілік тамағына деп 60 центнер азық-түлік қоры әзірленді. Ал мал азығына жұмсалатын 600 центнер пішен қос басына ұйылды.

Еңбекшілер партия ұйымының секретарі Әбілқапаров жолдас үгітшілер тобының жұмысына күнбе-күн көңіл бөліп келеді. Ол үгіт жұмысының жоспармен жүргізілуін қамтамасыз етті, үгітшілерге қолма-қол көмектесті. Міне осының нәтижесінде Саттаров, Қоңқабаев және Рамазанова сияқты үгітшілер колхозшылар арасында үгіт-көпшілік жұмысын жолға қойды. Сондықтан да бізде қоғамдық еңбекке қатыспайтын және тапсырманы орындамайтын бірде-бір колхозшы жоқ.

Егін шаруашылығындағы қызметкерлерден мал өсірушілеріміз де қалыспайды. Олар 1945 жылдың түлік өсіру жоспарын малдың барлық түрінен толық орындады. Шопан Молжігітов жолдас қазір 118 саулықтан 124 қозы алып, оларды аман сақтауда. Сол сияқты, сауын-

бұзау алды. Қызыл Армияның 27 жылдығы күні салтанатты мәжілісте бұл таңдаулы мал өсірушілердің еңбек күндеріне қосымша ақы берілген болатын. Қазір қыстаулар жанында 3500 центнер пішен қоры бар. Мал азығын жұмсауға ұқыпты қарауымыз нәтижесінде қыс бойы 500 центнер пішен үнемдедік.

Алматы облысы, Алматы ауданындағы Белбұлақ ауыл советіне қараған Калинин атындағы колхоздың мүшелері игілікті іс бастады. Олар республикамыздың барлық колхозшылары мен колхозшы әйелдерін Қазақстанның 25 жылдығы атындағы социалистік жарысқа ұштасты, егін және мал шаруашылығында мерекеге лайықты тарту әзірлеуге шақырды. Біз Алматы колхозшыларының бұл бас-тамасынан тыс қалмаймыз. Еліміз бен майданға ауыл шаруашылық өнімдерін еселеп мол беру үшін, мереке алдындағы жарыс туын жоғары ұстаймыз.

С. ҚАРАБАЛИН,

Приешім ауданы, Киров атындағы кол-

Кемшіліктерді дереу жою керек

Чапаев атындағы ауыл шаруашылық артелі Октябрь ауданындағы іргелі колхоздардың бірі. Бұл колхоз 1944 жылы ауыл шаруашылық өнімдері жөнінде еліміз бен майдан алдындағы борыштарын ғыңғылықты өтеді. Ал колхозшылар өздерінің жеке меншіктерінен жеңіс қорына 300 пұт астық тапсырды.

Колхоз мүшелері ССРО Халық Комиссарлары Советі мен БК(б)П Орталық Комитетінің 1945 жылғы ауыл шаруашылық жұмыстарының жоспары туралы қаулысын мүлтіксіз жүзеге асыруға бірек сыбана кірісті. Егіннен мол өнім алу үшін бірінші шарты—егіске әзірлік жұмыстарын үлгілі аяқтады. Барлық ауыл шаруашылық құрал-саймандарын жөндеп, егіске 710 центнер сапалы тұқым әзірледі. Жұмыс малдарынан—60 өгіз және 18 ат күтімге қойылды. Олардың қоны бртадан жоғары. Жұмыс малдарын азықпен қамтамасыз етуге комсомол мүшесі Қабдуллин жолдас аябай жұмыс істеп жүр.

Колхозда жегу әбзелдерін тәртіпке келтіру жұмысы да аяқталуға жуық.

Колхозшы шаруалар қоғамдық мал бағын өсіріп, оның өнімін арттыруда елеулі табыстарға ие болды. Түлік өсірудің мемлекеттік жоспары ірі кара малдан—107 процент, жылқыдан—103 процент, қой-ешкіден—109 процент орындалды. Жоспардан тыс 6 мөгелін өсірілді.

Мал азықпен жеткілікті түрде қамтамасыз етілді. Малшылар Р. Садуақасов, Р. Сүлейменова, Воронова және Стасаева жолдастар мал күтімінің жақсарып, бірде бір малдың шығын болмауына күш жұмсауда. Қарт жылқышы Ы. Дөненбаев қарауындағы 60 жылқыны күші-түні бірдей күтіп жүр.

Бірақ колхоз басшылары мал өсірушілердің ынтасын арттыра алмай отыр. Мәселен, Ақасов Қайролла қарт үш жылдан бері шопан болып жұмыс істеп келеді. Ол 1944 жылы жоспардан тыс 34 қой өсірді. Сол сияқты сауыншы Кошинова жолдас 10 сыйырдан 10 бұзау алып, оларды аман сақтады. Үкмет қаулысы бойынша бұлардың еңбегіне қосымша ақы берілуге тиіс еді. Алайда, колхоз басшылары түрлі бөгде себептерді бетке ұстап, мал шаруашылығы қызметкерлерінің ынтасын арттыра түсумен шұғылданбай отыр.

Ендігі жерде колхоз басшыларының ауыл сияқты кемшіліктерді жойып, колхозшылардың қоғамдық еңбекке белсене қатысуына жағдай туғызу керек.

Қ. ЖҰСЫПОВ,

Колхоздағы бастауыш комсомол ұйымының секретарі.

ЖЫЛҚЫ МЕН ТҮЙЕЛЕРДІ ЖАППАЙ ЕМДЕУ ІСІН ЖҮРГІЗУ ТУРАЛЫ

Еңбекшілер депутаттарының Солтүстік Қазақстан облыстық советі атқомінінің міндетті қарары

Түрлі мал аурулары мен маңқаның жабылуына қарсы күресу мақсатында, ССРО Халық Комиссарлары Советінің қаулысы мен ССРО Жер Халық Комиссариатының маңқаға қарсы күрес жөніндегі 1938 жылғы 11 июльде бекітілген № 994 нұсқауына сәйкес, облыстық совет атқару комитеті қаулы етеді:

1. Солтүстік Қазақстан облысындағы барлық жылқы мен түйелерді, олардың қандай ғана болсын шаруашылықтың меншігінде екендігіне қарамастан, жаппай қарап емдеу жұмысы жүргізілсін.

2. Малды емдеу 1945 жылғы 25 февральдан бастап, 15 мартқа дейінгі мерзім ішінде жүргізілсін.

3. Жекедеген елді жерлерде малды емдеу жұмысын жүргізудің уақыты тәртібі мен орны аудандық совет атқомінінің тиісті қаулысы бойынша жариялансын.

ОБЛЫСЫМЫЗДА

Совет қызметкерлерінің семинары

Петропавлда совет қызметкерлерінің үш күндік семинары болып өтті. Семинарға қатысқандар қалалық партия комитетінің лекторы Войнова жолдастың Сталин жолдастың «Ұлы Октябрь социалистік Революциясының 27 жылдығы туралы баяндамасы және жергілікті советтердің міндеттері», қалалық советтің председатели Порфирьев жолдастың «Еңбекшілердің өтінішін карау жөнін жақсарту шаралары» және тарих ғылымдарының кандидаты Горбицтің «Пролетариат диктатурасы туралы Ленин мен Сталиннің көз қарасы» деген тақырыптарда жасаған лекцияларын тыңдады.

Жастардың оқуы

Резчик жолдас директор болып істейтін заводта жас жұмысшылардың мәдениетті дем алып, саяси білімін көтеруіне зор назар аударылуда. Мұнда партия тарихын оқу жөнінде 4 үйірме және ағымдағы саясат жөнінде 6 үйірме ұйымдастырылды. Оларда 168 адам оқып жүр.

Жастар оқуға ынтамен қатысады. Олар әсіресе Советтер Одағының Халықаралық және саяси жөні жөніндегі лекцияларды зер сала тыңдайды.

ҚАЛАЛЫҚ ОҚУ ҮЙІНДЕ

Жақын арада Петропавл қалалық партия комитетінің оқу үйінде П. А. Овчинников жолдас «Дүниенің басы болды ма және оның ақыры бола ма» деген тақырыпқа лекция оқыды. Лекцияны тыңдауға 170 адам қатысты. Тыңдаушылар үшін лекция өте мазмұнды болды. Овчинников жолдас тыңдаушылардың бірсыпыра сұрақтарына толық жауап қайтарды.

ЖАҢА ЦЕХТАР АШЫЛДЫ

Ленин ауданындағы «Светлый луч» қолөнершілер артелі етікшілер цехын көбейтті. «Ударник» және «Земледелец» колхоздарында жаңадан етікшілер цехы ашылды. Бұл цех егіс кезінде колхозшылардың аяқ киімдерін бүтіндей олардың өндірісте үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз етпек.

ІРІ ҰТЫС

Соңғы кезде Совет аудандық жыйнақ кассасы үшінші ақшадай-заттай лотерея билеттеріне бір қатар ұтыстар төледі. Григорьев селосының салық агенті Лисовикова жолдас 5 мың сом ақша ұтты.

Екінші ақшадай-заттай лотерея билеттерін тексергенде Ляшев жолдасқа 2500 сом, ал Игнатенко жолдасқа 1000 сом ұтыс шықты.

Солтүстік Трансильвания халық өкілдерінің И. В. Сталин жолдасқа телеграммасы

БУХАРЕСТ, 15 март. (ТАСС). 13 мартта Клуж префектурасында болған салтанатты қабылдауда корольдің және румын үкметінің басқа да мүшелерінің қатысуымен И. В. Сталин жолдасқа телеграмма қабылданған болатын. Бұл телеграмманы астанада шығатын барлық газеттер 14 мартта жариялады:

«Бүгін, 1945 жылғы 13 мартта, румын армиясының көмегімен даңқты совет армиялары азат еткен Трансильванияның астанасында жыйылған Солтүстік Трансильвания халқының өкілдері Сізді Солтүстік Тран-

сильванияда румын өкімшілігінің қалпына келтірілуімен байланысты құттықтайды және тылда тәртіп сақтап, тыныштық орнату үшін, Солтүстік Трансильванияда тұратын халықтар арасында теңдікті жүзеге асыру үшін не хажетті бәрін жүзеге асырамыз деп сендіреді. Фашизмді талқандау және халықтарды гитлеризмнің бұғауынан азат ету күресіне Солтүстік Трансильванияда үздіксіз жәрдем беріп отыруы үшін не керектің бәрін істейміз. Маршал Сталин жасасын! Советтер Одағы жасасын!».

Батыс Европадағы соғыс қыймылдары

ЛОНДОН, 15 март. (ТАСС). Одақтас-тардың Европадағы әскерлерінің жоғарғы командованиесі штабының хабарында былай делінген: Ремаген маңында, одақтастардың Рейн бойындағы өткел аузындағы бекінісі қазіргі күнде ішке қарай 8 километрге дейін жетті және ол батыс бағытта шамамен алғанда 2 километр кеңейтілді.

Одақтастардың әскер бөлімдері Линцтің шығыс жағында жаудың қатты қарсылығын жеңе отырып, шамамен айтқанда 5,5 километр алға басты. Трирдің оңтүстік-батыс жағында одақтастардың жаяу әскер бөлімдері шығыс бағытта 2 километрдей алға басып, 4 қаланы алды. Саарбрюк-

кенің батыс жағында одақтастар әскерлері Франция-Германия шекарасынан өтіп, Саар өзенінен өтіп, сөйтіп 6 қаланы алды.

13 мартта одақтастар әскерлері жаудан 2413 адам қолға түсірді.

14 мартта одақтастар самолеттері немістердің Голландия мен Батыс Германия ағы, сол сияқты майданның барлық ұзына бойындағы қатынас жолдарына шабуыл жасады.

ЛОНДОН, 15 март. (ТАСС). Одақтастардың Орта теңіз соғыс майданындағы әскерлері штабының хабарында былай делінген: Италияда, 5—және 8—армиялардың учаскелерінде ешбір өзгеріс болған жоқ.

Индо-Қытайдағы оқыйғаларға байланысты де Голльдің сөйлеген сөзі

ПАРИЖ, 15 март. (ТАСС). Франс Пресс агенттігінің хабары бойынша, генерал де Голль кеңесрадио арқылы сөз сөйлеп, былай деген: «Бұдан 6 күн бұрын Индо-Қытайда француз және жапон әскерлері арасында жекпе-жек болып отырды: Ханоеде, Хюэде, Ланг-Сонста, Сон-Тайда француз әскерлері жағға қатты қарсылық көрсетіп, қазіргі күнде бұл қалалардың төңірегінде ұрыстар жүргізіп жатыр. Мон-Кайда жапондықтардың барлық атақаларына тойтарыс берілді. Меконгтегі Қохиңхунде ұрыстар болып жатыр. Сонымен, Қызыр Шығыста соғыстың жаңа кезеңі

басталды. Бұдан әрі генерал де Голль мынаны мәлімдеді: «Қазіргі уақытта Индо-Қытайда басталған жаргондықтар мен француз әскерлері арасындағы соғыс үкмет тағайындаған жоспар бойынша және болған генералдың басшылығымен дауыда».

Де Голль Индо-Қытайдағы француздарға құрал-жабдықтардың жеткіліксіз екендігіне атап көрсетті. Де Голль былай деді: «Француз әскерлері үшін одақтастардың өз қорынан қару-жарақ босатуы үшін Франция қолынан келген жұмысшылардың бәрін істеп жатыр».

Америка авиациясының Германияға шабуылы

ЛОНДОН, 15 март. (ТАСС). Рейтер агенттігінің хабары бойынша, Американың 1250 ден аса «Ушуны қамал» және «Либейтер» бомбашылары кеңіе Ганновердегі 3 бронетанк заводуна, Мисбург пен Нюен гагендегі мұнай тазалау заводтарына, Гильдестеймдегі металлургия заводуна, Гол-

ландияның Эмейден портындағы сүт өңдеу қайықтар тұратын орынға және Рур облысына шығатын қатынас жолдарындағы темір жол деполары мен көпірлерге шабуыл жасаған. Бомбашылармен бірге 650 истребитель ұшып шыққан.

Тынбық мұхиттағы соғыс

ЛОНДОН, 15 март. (ТАСС). Рейтер агенттігінің хабары бойынша, Америка әскерлерінің Миндовом және Лусон аралдарының аралығындағы Ромблон және Симара аралына келіп түскендігін Тынбық мұхиттың оңтүстік-батыс бөлегіндегі одақтастар әскерлерінің бірлескен командованиесі штабы хабар етті. Жапонның Ромблон аралындағы гарнизоны жойылды. Лусон аралында Америка әскерлері Маниланың шығыс жағына қарай алға басуда. Маниланың солтүстік жағында жапондықтардың бірнеше қарсы атакасы тойтарылды.

Одақтастар әскерлері Рейннен өтетін жаңа көпір салды

ЛОНДОН, 14 март. (ТАСС). Рейтер агенттігінің хабары бойынша, Американың 1-армиясымен бірлесіп жасаушы генерал Ходжестің әскерлері Ремаген маңында Рейннен өтетін жаңа көпір салды. Бұл көпір одақтастар әскерлері «Людендорф» темір жол көпірін салғаннан кейін, 96 сағат өткен соң салынды.

Жауапты редактор

В. ОСПАНОВ.

ССРО Қаржы Халық Комиссариатының 1945 жылғы 2 февральдағы бұйрығына сәйкес, қалалық қаржы бөлімі Петропавл қаласындағы барлық көші орындары мен ұйымдардың басшыларын және бас бухгалтерлерін 1945 жылға арналған еңбек ақы қорларын, өкімшілік-шаруашылық шығындарының сметасын тіркеуден өткізуге міндеттейді. Тіркеу жұмыстары аудандық қаржы бөлімдерінде жүргізіледі. Штаттарды тіркеу ісі үкмет тағайындаған ақырғы мерзім—1945 жылғы 1 майға дейін ғана жүргізіледі. 1945 жылға арналған штаттар тіркеуден өтпейінше мемлекеттік банк еңбек ақы ретінде қаржы босатпайды. Қалалық қаржы бөлімі 1 майға дейін штаттарды тіркеуден өткізбеген ұйымдарға қаржы алу жағынан шек қоятындығын ескертеді.

ҚАЛАЛЫҚ ҚАРЖЫ БӨЛІМІ.

«Союзгазотранстың» Петропавлдағы автомобиль отрядына темір ұсталары, бажа оңушылар, слесарьлар, вулканизаторлар, мысшылар, ағаш шеберлері және қорасыншылар керек.

Адрес: Кирова көшесі 51-үй.

Станция дежурныйлары, вагон бақылаушыларды, көмекші машинисттерлерді дайындайтын курстарға оқушылар қабылданады. Курстарға 7 клас келеуінде білімі бар, 16 жасдан жоғары азаматтар қабылданады. Станция дежурныйларының оқу мерзімі 8 ай, вагон бақылаушыларының оқу мерзімі 6 ай. Оқушыларға айына 20 сом етпенді беріледі және олар 1-дараға бойынша азық-түлік картонкаларымен қамтамасыз етіледі.

Адрес: Петропавл станциясы, № 2 темір жол мектебінің аланы, № 3 Барак. Техникалық мектеп, Телефон № 130.

Коммунист көшесіндегі 39-үйде тұратын азамат Яков Соломонович Паренкий Октябрь көшесіндегі 119-үйде тұратын Перецкая Ревеня Осиповнамен ажыраатындығы туралы өтініш берді. Бұл Петропавл қаласының 4-учаскесі халық сотында 1945 жылғы 19 мартта қаралады.

Арақ-шарап заводуна түкпілдікті жұмысқа қонғарлар керек.

Адрес: Әскери қала, арақ-шарап заводы ДИРЕКЦИЯ.